



НҰСҚАУЛЫҚ

БАЛАБАҚШАНЫҢ ЖАТЫН БӨЛМЕСІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУЫ БОЙЫНША

Нұсқаулық жатын бөлмеде болған кезде балалардың жарақат алу жағдайларының алдын алу мақсатында әзірленді.

1. Ұйқыға жатар алдында дәретханаға барып, бетті жуып, ауызды шаю керек.
2. Балабақшаның жатын бөлмесінің есігін ашу және жабу кезінде абай болу керек. Саусақтарды есіктің арасына қоюға, есікті тарсылдатуға болмайды.
3. Жатын бөлмеге тыныш кіру, жүгірмеу, кереуеттердің өткір бұрыштарына назар аудару керек.
4. Жатын бөлмеге бөгде заттарды (тамақ қалдықтары, шаш қыстырғыш, сақиналар, ойыншықтар және т.б.) алып кіруге болмайды.
5. Аузыңызда, қолыңызда немесе пижаманың қалтасында кәмпиттер, компоттын сүйектері, ұсақ ойыншықтар, мозаиканың бөлшектері және т. б. ұстауға болмайды.
6. Ұйықтар алдында шешіну және ұйқыдан кейін киіну кезінде кереуеттердің арасында жүгіруге, киімдерді, төсек жапқыштарды, көрпелерді сермеуге, жастықтарды лақтыруға болмайды.
7. Киімді орындықтарға ұқыпты бүктеп қою керек. Орындықтар өтуге кедергі келтірмеу үшін, тек рұқсат етілген жерде тұруы керек.
8. Ұйықтағанда көзілдірікті шешу, оны арнайы үстелге қою керек (көзілдірік киетін балалар болса).
9. Жатын бөлмеде сөйлесуге, басқабалаларға кедергі жасауға болмайды.
10. Ерте оянған баланың шуламауын қадағалау керек.
11. Жатын бөлмеде жеңіл жарақат алған жағдайда дереу тәрбиешіге айту керек.

